

ӘОЖ 23-157 (540)

Н.Ж. Байтенова*,
Д.М. Көкеева, Ж. Момынқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: zhanat52@mail.ru

Мемлекет пен дін арақатынасындағы құқықтық реттеу мәселелері және Ислам конференциясы ұйымы

Дін феноменінің негізгі ерекшелігі оның үздіксіз жанару мен тосын құбылыстардан көрінуінде болғандықтан, дін мәселесін зерттеу де толассыз ізденісте болуды қажет етеді. Жалпы діннің пайда болуы мен оның таралуы әр елде, әр қоғамда әртүрлі сипатта болғандықтан, дінтану ілімі көп концепцияларды ұсынады. Қоғамда туындаған осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан және Қазақстанда жаңадан қалыптасып келе жатқан дінтану ғылымының сұранысын ескерсек, бұл мәселеге байланысты діни-философиялық ізденістер жүргізу өзектілігі даусыз, діни қатынастарды ұлттық маңызы бар мәселе ретінде қарастырғанымыз жөн.

Аталмыш мақалада Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуінің басты нәтижелеріне қысқаша талдау жасалады. Қазақстанның ИЫҰ-на төрағалық етуі расында қазақ дипломатиясы үшін өте маңызды тарихи оқиға болды. Қазақстан ИЫҰ-ның бұрынғы төрағасы ретінде қазіргі таңда халықаралық мәселелерге ықпал етудің қосымша дипломатиялық тетіктеріне ие болып отыр. Қазақстан, әсіресе, мұсылман әлемі елдерінің мәселелеріне ықпал ете алатын болды. Қазақстанның осы төрағалығы елдің ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне сай келіп, стратегиялық мүмкіндіктер ұсынады, елдің аймақтағы ұстанымын күшейтеді. Мұны даусыз, үлкен тарихи және дипломатиялық жетістік деп атауға болады.

Түйін сөздер: дін, теократия, саясат, мемлекет, Қазақстан, Еуропа, Ислам конференциясы ұйымы, БҰҰ, жаһандану, дипломатия, тұрақтылық.

N.Zh. Baitenova, D.M. Kokeeva, Zh. Momynkulov

The questions of interaction between state and religion and the Organization of Islamic Cooperation

This article raises questions of interaction between state and religion; regulate their activities, on the regulation of interaction between state and religion, their past, present and future is explored. Also, In this article the main results of Kazakhstan`s Chairmanship at the Organization of Islamic Cooperation are analyzed in brief. The chairmanship of at the OIC is very important event in the history of Kazakhstanian diplomacy. Kazakhstan as a former chairman of OIC now possesses extra diplomatic mechanisms of influencing on the international issues, particularly on those concerning Muslim world. This chairmanship, undoubtedly, meets long-term national interests of Kazakhstan. Kazakhstan`s chairmanship at the OIC insures strategic opportunity and enforces its position in the region. Surely, this fact can be named as the biggest historic and diplomatic achievement of our nation during the last century.

Keywords: Religion, theocratic, policy, state, Kazakhstan, Europe, OIC, modernism, diplomacy, stability.

Н.Ж. Байтенова, Д.М. Көкеева, Ж. Момынқұлов
**Вопросы взаимодействия государства и религии и
организация Исламского сотрудничества**

В статье поднимаются вопросы взаимодействия государства и религии, регулирования этого взаимодействия, история и перспективы развития. А также, авторами данной статьи дается анализ итогов председательствования Республики Казахстан в Организации исламского сотрудничества. Председательствование Казахстана в Организации исламского сотрудничества является очень важным событием в истории казахстанской дипломатии. Казахстан как экс-председатель ОИС, теперь располагает дополнительными дипломатическими рычагами воздействия на международные проблемы, в особенности, на вопросы, касающиеся стран мусульманского мира. Это председательствование, безусловно, отвечает долгосрочным национальным интересам Казахстана. Председательство Казахстана в ОИС предоставляет стратегическую возможность и укрепляет его позицию в регионе. Председательствование РК в ОИС, несомненно, можно назвать большим дипломатическим и историческим достижением.

Ключевые слова: религия, теократия, харизматика, политика, государство, Казахстан, Европа, ОИС, ООН, модернизация, дипломатия, стабильность.

Егеменді еліміз Қазақстанның өтпелі кезеңде тоталитарлық әлеуметтік қоғамның зиянды тұстарынан толығымен айығып, өркениетті елдерге тән қоғам құруы оның ұлтаралық, діни қатынастарда дұрыс бағыт ұстауына, әртүрлі дін өкілдерінің татулығын тұрақты ете алуына байланысты. Көп ұлтты Қазақстан қоғамында түрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулық болса, рухани тоқыраудан шығу мүмкіндігіне ие болары сөзсіз. Сондықтан мемлекет діни қауымдастықтар арасындағы өзара байланыс пен қоғамның рухани өміріне пайдалы байланысқа түсуін қамтамасыз етуі қажет. Жалпы, діннің пайда болуы мен оның таралуы әр елде, әр қоғамда әртүрлі сипатта болғандықтан, дінтану ілімі көп концепцияларды ұсынады. Қоғамда туындаған осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан және Қазақстанда жаңадан қалыптасып келе жатқан дінтану ғылымының сұранысын ескерсек, осы мәселеге байланысты діни-философиялық ізденістер жүргізу өзектілігі даусыз болғандықтан, діни қатынастарды ұлттық маңызы бар мәселе ретінде қарастырғанымыз жөн.

Қазақстанның 2010 жылы Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуінің артынан, 2011 жылы Ислам конференциясы ұйымын басқаруды қолға алуы елімізге, халқымызға үлкен абырой әкелері сөзсіз. Осылайша, Қазақстан Батыс пен Шығыстың арасында дәнекер болу, ислам әлемі мен христиан қауымдастығы арасындағы

үндесуді нығайту мүмкіндігіне ие болмақ. Еліміздің географиялық тұрғыда шығыста орналасуына және халқымыздың негізгі бөлігінің мұсылман болуына қарамастан, Қазақстан саяси-экономикалық дамудың батыстық, еуропалық жолын таңдағаны мәлім. Десе кте, қазақ елі мәдени-діни мағынада біртұтас мұсылман өркениетінің ажырымас бөлігі болып есептеледі. Яғни, еліміздегі басымдыққа ие діни доминанта, негізгі діни конфессия мұсылмандық екені даусыз. Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымын бір жыл бойы басқару құқығына ие болуы барлық мұсылман халықтары мен мемлекеттерінің елімізге деген қолдауын және сенімін білдіреді. ИКҰ-нда төрағалық етудің халқымыз үшін рәміздік мән-мағынасы бар. Еліміз өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап Ислам әлемімен саяси қарым-қатынасын аса сақтық жағдайда жүргізді. Кеңестік дәуірде халқымыз өзінің мұсылман ұлт екендігін, умманың толыққанды құраушы бөлігі екенін ашық айтуға «жасқанып» келді. Енді міне, күллі мұсылман жұртшылығы елімізге осынау беделді халықаралық саяси ұйымды басқарудың тізгінін қолына ұстатты. Бұл мұсылман елдерінің қазақ елін, көшбасшылығын, дипломатиясын, күшеюатын, қабілетін мойындауының айқын дәлелі болып табылады. Осылайша, алдағы жылдары еліміздің мұсылман елдерімен мәдени-тарихи ұқсастығына, діни-рухани жақындығына ерекше назар аударылатын болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дінді тұтыну жағынан көп сипатты қоғам өмір сүргендіктен, дін өкілдері дәстүрлі және дәстүрлі емес бірлестіктерге де ұйымдасқан. Сондықтан қазіргі Қазақстанда қалыптасқан діни жағдайға байланысты «дін ұстану және діни танымды уағыздау бостандығының жүзеге асырылуы қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмір сүруі, денсаулықтарын сақтау мен имандылығын, бостандықтарын қорғау мақсатында ғана заңмен шектелуі мүмкін» [1, 3 б.].

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елімізде көптеген діни ұйымдардың пайда болуының өзі дін мәселесіне байланысты саясаттың бағыт-бағдарлары анықтала түсуін қадағалай отырып, түрлі қоғамдық аймақтарға қатысты заңдық принциптер мен нормалардың бекітілуін қамтамасыз етті. Ал діни қатынастардың ерекшелігі – қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени, рухани сфералардан көрініс тауып жататыны белгілі. Сондықтан, бір ғана діни қатынастар мәселесімен айналысу мүмкін еместігі діннің өте күрделі құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Осыған орай дін мәселесіне байланысты мемлекеттік саясат рөлінің арта түсуі діннің қоғамдағы алатын орны мен қызметін анықтау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Бірақ, қазіргі таңда заңның ең үлкен қателіктерінің бірі – біріншіден, еркіндік принциптері басымдау, яғни, діни бірлестік құруға рұқсат беру мен діни қызмет жасауға мүмкіндік алу болса, екіншіден мемлекет мүддесін қорғау мақсатында діни бірлестіктердің қызметіне тиым салу, міндеттеу, мәжбүр ету принциптері қатаң қаралмағандығын баса айтуға болады. Тәуелсіз қазақ елі діни сенімге бостандық беру арқылы демократиялық үрдістерді қалыптастыруға ұмтылыс жасауда. Алайда, шет елдік діни бірлестіктердің бағдарламасына сарапатама жасайтын үкіметтік комиссияның құрамында діни бірлестіктердің сенімі мен тарихына талдау жасайтын мамандардың аздығы, кейбір діни бірлестіктердің елімізге қауіпті екендігін анықтай алмауымыздың негізгі себебі болмақ.

Сонымен қатар соңғы онжылдықтар азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құрылуы ғана емес, сондай-ақ «діни серпілістің» болуымен де сипатталады. Бұрынғы діни бірлестіктер бағыттарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін барынша беймәлім, жаңа

«дәстүрлі емес» діни ұйымдардың пайда болуы байқалғандығын айта кетсек, Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы екендігін де ескергеніміз жөн. Ондағы деректер бойынша 1989 ж. 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 ж. 1 қаңтарда Қазақстанның аумағында 3206 діни бірлестік жұмыс істеген» [2]. Құбаш Сағидоллаұлының зерттеуіне жүгінсек, тұғыры биік елімізде тәуелсіздік алғаннан бері 2000-дай мешіт, 170-тен астам православтық приход, 30-дан аса католиктік костел, 1000-нан астам протестанттық ғибадат орындары ашылған. Егер 1991 жылы Қазақстанда бір ғана еврейлік синагога болса, қазір олардың саны 20-ға жеткен. Ал Қазақстандағы діни бірлестіктер саны 2010 жылы 4427-ге жеткен.

Осы аталған саны көп діни ошақтардың сапасы қандай екенін, олар қандай идеяларды дәріптейтінін анықтау қазіргі уақытта қандастарымыздың көкейінде жүрген мәселенің бірі екендігінде дау жоқ. Десек те, түсініксіз ағым-бағыттардың қазақ топырағына келуіне тосқауыл құру керектігі жөніндегі үндеулері аяқсыз қалмай, «діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы талқыға салынды. Қорытынды бойынша салыстармалы кестеге 58 түзету енгізілген. Жаңа заң бойынша бірлестіктерді орталық, жергілікті немесе діни топтар деп классификациялау енгізілді. Сонымен қатар діни бірлестіктерді тіркеу тәртібі мен оларды тіркеуден бас тартуға себеп болатын негіздер анықталған болатын [3, 10 б.]. Дегенмен де, тәуелсіздіктің нәтижесінде дінмен үндес діни-философиялық мәселелерді оң шешудің ыңғайы туып, дінді жаңаша және тәуелсіз қайта бағалаудың сәті түсті. Сондай-ақ, қарабайыр материализмге де, жалаң мистицизмге де берілмей төзімді, жаңашыл және орта ұстанымды таңдаудың қажеттілігі туып отыр. Рационализм де, діни сезім де ақиқаттың түбіне жетуге, ақиқаттың мәнін пайымдау арқылы бақытқа жетуге, этикалық тазалыққа, шынайы еркіндікке, рухани кемелдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан діни танымдық жолдың басты айырмашылығы танымның әдісінде жатқандығын айыра алған да жөн.

XX ғ. мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудің зайырлы жүйесін таңдағандықтан, оның құқықтық реттеудегі негізгі

бағыттарын меңгеру арқылы елдің ішкі тәртібі сақталары сөзсіз. Сондықтан аталмыш жүйедегі әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудің төмендегідей бағыттарын көрсетуге болады:

1. Теократиялық (діннің мемлекетті басқаруы) жүйеде бір діннің ұстанымдары негізінде мемлекеттің басқару формасы мен қоғамдық қатынасты реттеу заңдары қарастырылады, әрі құдайдың мемлекетті тікелей басқаруға қатысуы әрі құдайдың нұсқауы бойынша билеушілердің мемлекетті басқаруы (таухид діні тұсында пайда болған Рим, Византия, Омаят, Аббасит, Фатимит және Иран мен Ватикан) деп екі арнаға бөліп қарауға болады.

2. Клерикальді (мемлекеттің дінді басқаруы немесе белгілі бір дінді қолдауы) жүйеде мемлекет халықтың басым көпшілігі қабылдаған дінге қолдау көрсете отырып, бір дінге құқықтық тұрғыдан артықшылық беруі әрі дінге қайшы келетін өзге сенімдердің насихатталуына жол берілмеуі қарастырылады. Клерикальді жүйе кей деректерде «Сезаро папизм» немесе «Византизм» терминдерімен беріледі. Бүгінгі таңда клерикальді жүйеге жақын мемлекеттер зайырлы мемлекет болып танылғанымен, өз аумағы мен халқының тарихи танымында ерекше рөлге ие бір дінге мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсетіледі. Алайда, дінді мемлекеттің саясатына араластырмайды. Сонымен қатар халықтың басым көпшілігі ұстанатын нақты бір діндерге қолдау көрсетіп, өзге діни ағымдардың қызметіне шектеу қоятын зайырлықтың клерикальді жүйесіне өту үшін бүгінгі қолданыстағы дін жөніндегі заңда төмендегідей қағидаларды қатаң саралау керектігін ұмытпауымыз қажет:

- Мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің араласуына жол берілмеу;
- Мемлекеттік билік органдары діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласпау;
- Діни бірлестіктерге партия ретінде құрылуына жол бермеу;
- Мемлекет тарапынан діни бірлестіктерді қаржыландырмау;
- Дінді мемлекеттің білім бағдарламасына арнайы пән ретінде енгізбеу;
- Білім беру орындарында дінтану пәндерін танымдық деңгейде өткізу;
- Адамдардың ар-ождан бостандығы мен діни сенімі қамтамасыз ету.

Ислам конференциясы ұйымы өзінің құрамы, құрылымы, оған мүше-елдердің саны жағынан, Біріккен ұлттар ұйымынан кейінгі ірі халықаралық ұйымдардың бірі болып саналады. Ислам конференциясы ұйымы БҰҰ-на мүше-елдердің үштен бір бөлігін қамтитын, жалпы халық саны 1,5 миллиардқа (кейбір мамандардың есебіне сәйкес 1,2-1,3 млрд.) жететін 57 мемлекеттің басын біріктіруді мақсат етеді. ИКҰ-на мүше елдерде әлем халқының 23% өмір сүреді. 1969 жылы құрылғаннан бері аталмыш ұйымның көтеріп келе жатқан мәселелерінің арасында бірінші кезекте келесі мәселелер тұр: кедейшілік, жұмыссыздық, су мен азық-түлік жетіспеушілігі, сауатсыздықпен күресу және білім деңгейін көтеру, әйелдер мен балалар құқығын қорғау, жалпы адам құқықтары, денсаулық сақтау, ғасыр індеттерімен күресу, халықаралық көші-қон мәселелерін реттеу, азаматтық соғыстар мен ұлтаралық дау-дамайларды шешу ж.т.б.

Одан кейінгі мәселелерге сауда-инвестициялық қатынастар, исламның шынайы бейбітшілік пен төзімділік негіздерін уағыздауға атсалысу, лаңкестік пен экстремизмге қарсы іс-әрекет жасау, мәдени және спорттық іс-шаралар өткізу және т.б.

Ұйымның алдына қойған міндеттері мыналар: ұйымға мүше елдер арасында өзара жәрдемдесу мен ынтымақтастықты нығайту, мұсылмандар арасындағы ауызбірлік пен ағайындықты күшейту, мұсылман елдерінің құқықтарын, ар-намысын, дербестігін қорғау, сондай-ақ, саяси, экономикалық, мәдени және білім салаларында ынтымақтасу, империализм мен отаршылдыққа қарсы бірге іс-қимыл жасау, қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету, Израильге қарсы Палестинаға қолдау мен көмек көрсету, қысқасы, ислам әлемінің келелі мәселелерін көтеру, олардың шешімін табу.

Ұйым жаһандық бейбітшілік, тұрақтылық, келісім, қауіпсіздік және дамуды қамтамасыз ету сияқты мәселелерді күн тақырыбына енгізіп отыр. Былтыр ғана өзінің 40 жылдығын атап өткен осы бір беделді халықаралық ұйым өз қызметінде төзімділік, байсалдылық пен жаңару қағидастарын басшылыққа алған. Қазақстанның Еуропа ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымына төрағалық жасауы аталмыш ұйымның тынысының ашылып, бір серпіліп, сергіп қалуына себеп болды. Бұрын айтыла айты-

ла жауыр болған, дәмі кетіп, ұмыт қалған саяси аймақтық мәселелер, шешімін таппаған қақтығыстар мен дау-дамайлар (Қырғызстан, Приднестровье, Ауғаныстан, Таулы Қарабақ/Әзірбайжан-Армения қатынастары және т.б. мәселелер) саясаттанушы, аймақтанушы сарапшылар тарапынан қайта қолға алынып, қызу талқыға түсіп, жаңаша сараланып, аз да болса алға ілгерілеушілік қадамдарының жасалғандығы байқалады.

Білікті шығыстанушы сарапшылардың жетіспеушілігіне қарамастан, еліміздің сыртқы саяси ведомствосы мұсылман әлеміндегі әртүрлі аймақтық кикілжіңдерді шешуге өзінің лайықты үлесін қосуды мақсат етуі қажет. Ислам конференциясы ұйымы – мұсылман елдері қауымдастығы қарама-қайшылыққа толы, қанды аймақ болып табылды. Жарты ғасырдан астам шешілмей келе жатқан Израиль мемлекетінің араб елдерімен арадағы жанжалы халықаралық, оның ішінде ислам қоғамдастығының алаңдаушылығын тудырып келеді. Бұған қоса, әлі шешіле қоймаған Ауғаныстан, Джамму-Кашмир, Сомали, Судан, Ирак, Иран, Түркия мен Ирақтағы күрдтер мәселесі, Батыс Сахара мәселесі, Босния, Албания, Қырғызстан, АҚШ-тың Ливия мен Сирияға көзқарасы, қырғыз-өзбек қарым-қатынасы, Шығыс Түркістан ж.т.б. дипломатиялық жолмен ғана шешілетін көптеген «ыстық аймақтар» бар. Әсіресе, Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі Таяу Шығыс аймағын, халықаралық қауымдастықты жаппай мазасыздандырып отыр. Қысқасы, аймақта қордаланып қалған, түбірі терең тарихта, наным-сенімдік сәйкессіздікте жатқан, бүгін-ертең шешілмеуі мүмкін жанжалдар көп.

Қазір дүние жүзілік баспасөз беттерінде Ислам конференциясы ұйымының қызметінің тиімсіздігі, оның көбінесе мәлімдеме жасаудан аса алмайтындығы туралы көп айтылып жүр. Жақсы талқылау алаңы болуына қарамастан, ұйым күрделі аймақтық саяси дау-дамайларды шешуге келгенде, қабылданған қарарлар қағаз күйінде ғана қалады. Аталмыш ұйым халықаралық сахнадағы өзінің сенімді бет-бейнесін жоғалтып алмауы және өз беделіне нұқсан келтірмеуі үшін күшті ұйымдастырушылық қабілетке ие байсалды саясаткерге мұқтаж. ИКҰ декларациялар мен уәделерге көп уақыт бөледі де, нақты іске келгенде аз қимылдайды.

Ислам конференциясы ұйымының дүние

жүзіндегі ықпалын арттыру үшін ұйым басшылығы көп тер төгуге тиісті: ұйымды басқаруды жаңа деңгейге көтеруі керек. ИКҰ басшылығы ұйымның әлемдік қауымдастық алдындағы рөлін қайта бағалауға тиісті. Айта кету керек, ұйым Сауд Арабиясы корольдігінің, Марокко корольдігінің бастамаларымен құрылған еді. Сондықтан, діни-конфессиялық негіздерге арқа сүйеген осы бір халықаралық ұйымның кейде араб монархтарының ықпалында болуы және Араб елдері лигасын еске түсіруі, тіпті кейде оның қызметін қайталауы да мүмкін. Сондықтан, Ислам конференциясы ұйымының негізгі демеушілерінің, оның жылдық бюджетін қалыптастыратын бай араб елдері екендігі ешкімді таң қалдырмауы тиіс.

XX ғ. 70-80 жылдары, қырғи-қабақ соғысы жылдарында бұл ұйымға мүше елдердің бір бөлігі, Социалистік елдер қауымдастығымен етене саяси-экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынаста болса, енді бір бөлігі Батыс Еуропа мен АҚШ елдерімен тығыз саяси-экономикалық, гуманитарлық дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Кеңес Одағының Шам елдері деп аталатын Ирак, Сирия елдеріне, Египет, Йемен, Ливия елдеріне үлкен көлемде экономикалық және инвестициялық көмек, саяси және гуманитарлық қолдау көрсеткенін білеміз. Яғни, мұсылман елдерін біріктіретін осы ұйымның ішінде әртүрлі саяси бағытты ұстанған, халықаралық қатынастардың бірнеше күрделі мәселелері бойынша бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарға ие екі блоктан тұрды; экономикалық дамудың әртүрлі жолдарын таңдаған, жалпы аты мұсылман болғанмен, өзіндік мәдени-рухани, діни-конфессиялық ерекшеліктері бар көптеген елдер болды. Мәселен, араб әлемінде, аймақтық саясатта бәсекелес, бірін-бірі мойындауға құлықтылық танытпай келген Египет Араб Республикасы мен Сауд Арабиясы корольдігі, Түркия Республикасы мен араб елдерінің қарым-қатынасы, Ирак пен Кувейт, Иран мен Иран Ислам Республикасы ж.т.б.

Бұған қоса, шиизм мен суннизм арасындағы қарама-қайшылықтың болуы, мұсылман бір елдің екінші бір мұсылман елдің діни, рухани, мәдени, менталдық, психологиялық бітім болмысын, ерекшеліктерін, тіпті, тарихын ескеруге құлықсыздығы аймақта күрделі конфессияаралық, ұлтаралық проблемалардың қылаң беруіне себеп болып отыр. Мәселен,

Судандағы, Ливан еліндегі христиандар мен мұсылмандар арасындағы діни ахуал, Ирактағы, Түркиядағы шииттер мен сунниттер арасындағы қатынастар ж.т.б.

Жалпы алғанда, ұйымға мүше елдерді географиялық орналасуына, этникалық шығу тегіне, жүргізген экономикалық даму саясатына, мұсылмандықтың ішінде ұстанған мәзһабы мен конфессиясына қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Араб әлемі немесе Араб елдері лигасы – аталмыш ұйымды құруға мұрындық болған, Құран тілінде сөйлейтін 22 елді біріктіретін, көбісі көмірсутегі шикізатына бай, ықпалды, бірақ, қантөгісті аймақ. Бұл топ ұйымды қаржыландыратын негізгі демеуші болғандықтан, ұйымдағы ең ықпалды елдер тобы болып отыр. Негізгі ірі саяси ойыншылары: Египет, Сауд Аравиясы, Марокко, Ливия. Мұнайға бай елдерді санамағанда, қалғанының экономикасы дамымаған, халқының тұрмыс деңгейі төмен. Тарихи тұрғыдан алғанда, ислами ғылыми-философиялық, рухани-интеллектуалдық мұраның елеулі бір бөлігінің араб тілде жазылғанын ескеру қажет. Қазақ халқының ұлт болып қатыптасқаннан бергі қолданып келген жазу түрі – араб жазуы екендігін де ескеру керек. ИКҰ-нда қолданылатын ресми тілдердің біріншісі – араб тілі. Бұл елдердің Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастары экономикалық тиімділік пен діни сәйкестілік принциптеріне негізделген.

2. Иран тілдес топ: ислам поэзиясының, ислам мистицизмінің, суфизмнің тілі – парсы тілінде сөйлейтін елдер немесе халықтар тобы. Түркі халықтарға ислам діні мен мәдениеті парсы тілі арқылы жеткенін ескеру қажет. Оларға Иран Ислам Республикасы, Ауғаныстан, Тәжікстан елдерін жатқызуға болады. Экономикалық шаруалық жүргізудің өзіндік, шығыстық жолымен өмір сүріп келе жатқан, кедейшілік пен сауатсыздықтан зардап шеккен, дамудың дұрыс жолына түспеген елдер. Қазақстан гуманитарлық бағдарламалар аясында Ауғаныстанға азық-түлікпен көмек көрсетіп, білім беру саласында 50 млн. долл. қаражат бөліп отыр.

3. Түркі тілді топ: Жалпы экономикасы 1 трлн. құрайтын, 200 миллионнан астам халықты қамтитын, көне түрік тілінің әртүрлі диалектілерінде сөйлейтін еуразиялық халықтар тобы. Мұхаммед пайғамбардың хадистерін

алғашқы рет жүйеге салған Имам Бұхари, Тирмизи сияқты ғалымдар Орталық Азиядан шыққан. Барлығы дерлік суннизмді ұстанған түркі халықтарын біріктіретін осы топ келешекте ИКҰ-нда аса белсенді рөл атқаруы ықтимал. Мәселен, кезінде ұйымның төрағасы болған Түркия азаматы – ғылым докторы, проф. Екмеледдин Ихсаноглу. ИКҰ-нында бақылаушы құқығына ие, әрі ұйым болуға кандидат – Ресей елінің осы ұйымдағы уәкілі К. Исхаков та түрік тектес азамат. XIX-XX ғғ. ИКҰ-ның құрылуынан сандаған жылдар бұрын татар, қазақ, әзірбайжан ж.т.б. түркі халықтарының ұйытқы болуымен Бүкіл ресейлік мұсылмандар құрылтайларының ұйымдастырылғанын білеміз. Ал, сол кезде араб әлемінде діни негізде бірігуге деген осындай ұмтылыс болды ма? XX-шы ғасырдағы қазақ зиялыларының көбісі мұсылман халықтарының ауызбірлігін көздеді.

ИКҰ-ның ішіндегі ірі орталықтардың бірнешеуі Түркияда орналасқан. Мәселен, Статистикалық, экономикалық және қоғамдық зерттеулер орталығы. Астана мен Алматыда немесе Түркістанда исламның актуалды мәселелеріне арнап әлемдік деңгейде ғылыми конференция (мәселен, «Мұсылман елдерінің қазіргі проблемалары» деп атауға болады), «21 ғасырдағы Әлем мұсылмандарының құрылтайын» ұйымдастырылуы керек. Себебі, елімізде жалпы ислам дінін, мәдениетін, тарихын, философиясын, оның даму ерекшеліктері мен теориялық негіздерін, мұсылман елдерінің экономикалық құрылымдарын, ислам әлеміне жататын халықтарды жан-жақты зерттеу дұрыс және жүйелі жолға қойылмаған. Қоғамымыз қазірге дейін ислам туралы, мұсылман елдері, ислам экономикасы мен тарихы жайлы өте аз біледі. Осы орайда, исламды зерттейтін ірі орталықтар мен институттар құру мәселесін қолға алуға болады. Қазақстан бірінші кезекте Түркия, Малайзия, Иран, Сауд Аравиясы, Египет, Сауд Аравиясы, Араб Әмірліктері, Индонезия, Йордания, Пәкістан елдерімен экономикалық қарым-қатынастарын екі жаққа да тиімді, жаңа сапалы деңгейге көтеруі қажет. Қазақстан бизнесті дамыту, бизнес-инкубаторлар мен парктер, инновациялық шешімдер мәселесінде Малайзия, Араб Әмірліктері мен Түркия елдерінің тәжірибесін қабылдай алар еді. Ұлтаралық мәселе, дінді насихаттау, жаңа экономика, жаңашылдық мәселелерінде Малайзияның

тәжірибесі Қазақстан үшін ерекше маңызды екендігін сарапшылар мойындап отыр. Себебі, Исламдық модель – экономикалық дамудың қоғамы мүдделер мен үйлесімділікке, әлеуметтік әділеттілікке негізделген жаңа үлгісі. Бүгінгі күні Қазақстанның ислам елдерімен арадағы сауда айналымының көлемі 8-9 млрд. долл. құрайды. Еліміз мұсылман елдеріне жыл сайын 2 млн. тонна ұн экспорттайды.

4. Төртінші топқа Малайзия, Индонезия, Пәкістан елдері жатады. Осы үш елдің экономикасының жалпы көлемі 1,6 трлн. долл. құрайды. Қазақстан сарапшылары осы елдердің нарықтарын, әлеуетін зерттеп, олармен өзара тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдарын анықтауы қажет.

5. Топқа Африка елдері енеді: Нигерия, Чад, Сенегал, Эфиопия, Кот-Дивуар, Комор аралдары ж.т.б. кедей елдер кіреді. Бұлар елдермен Қазақстан ИКҰ аясында тең құқылы әріптестер болып табылады.

Қазақстанның алдында Еуропа ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы мен Ислам конференциясы ұйымы арасында «толеранттылық көпірін салу», екі жақты келісімге келуге, бірін-бірін түсінісуге шақыру мүмкіндігін ұтымды пайдаланды. Қазақстан аталмыш қос ұйымның күн тәртібіне толеранттылық, бейбітшілікті сақтау, бірлікке шақыру, ынтымақтастық сияқты мәселелерді қойды. Осылайша Қазақстан бір жыл бойы "шығыс тілінен батыс тіліне тілмаштық рөлін" атқарды. Төрағалық етуі барысында еліміз аталмыш ұйымның мінберінен білім беру мен тәрбие, денсаулық сақтау, ислам дінін дұрыс насихаттау, исламды жан-жақты зерттеу, батысеуропалық қоғамдағы мұсылман елдерінен барған эмигранттардың жағдайы мен құқықтарын зерттеу, «жыныстар теңдігі», Батыста исламға қарсы бағытталған негізсіз айыпталуларды болдырмау, ХІ ғ. ислам-христиан диалогы, жастарды толеранттылық рухында тәрбиелеу сияқты мәселелерді көтерді.

Республикамыздың Ислам конференциясы ұйымында төрағалық етуін Қазақстанның сыртқы саясаттағы ізгі де жасампаз бастамаларын жүзеге асыру жолында пайдаланып қалуды естен шығармау керек.

3. Конкордато (мемлекет пен діннің ортақ келісімге келуі) жүйесі бойынша билеушілер мен дін өкілдері келісе отырып, мемлекетті ортақ басқарады. Зерттеушілердің пікірлеріне

сүйенсек, конкордато жүйесі зайырлыққа жақын дегенді алға тартады. Ал орта ғасырлардағы Ислам мемлекеттерінің көпшілігінде билеушілер дін өкілдеріне құрмет көрсету арқылы халықты басқарғаны тарихи деректерден белгілі. Сондай-ақ, Наполеон секілді билеушілер дін өкілдерімен ортақ мәмілеге келуі арқылы ел басқарған. Конкордато жүйесіне жақын зайырлы мемлекеттерге Мысыр, Ауғанстан, Ливан, Италия және Испания мемлекеттерін жатқызуға болады.

4. Харизматика (құдайдың рахымы түскен әулие тұлғаның билігі) жүйесіндегі түсінік бойынша жеке бір тұлғаның бойына тылсымнан күш қонғаны айтылады. Сол себептен тарих беттеріндегі көптеген билеушілердің қимыл әрекеттері құдайлық сипатқа ие болғандықтан, мемлекетті басқара алған деген түсінікті де алға тартады. Мәселен, «көктегі тәңір» жердегілерге билігін жүргізу үшін жер бетіне «қағанды» түсірді деген ұғымдарды Орхон-Енесейдегі тасты таңбалардан көруге болады. Ислам тарихына зер салатын болсақ, шииттік ғұлат топтардың жетекшілерінің көпшілігі «хулул» (құдай рухының адам денесіне енуі) сенімінің негізінде діни қозғалыстар жасаған болса, үнді дүниетанмындағы түсінік бойынша Вишну құдайдың рухы Прабхабутаның, Брахманың рухы Рамакришна мен Свамидің бейнесіне ену арқылы әлемнің тепе-теңдігін сақтап отырған деген түсініктерді ортаға салады. Сондай-ақ, ІХ ғасырда солтүстік Африкада өмір сүрген «Фатимиттер» мемлекетінің жетекшілері де өздеріне «маһди» (ғайыптан пайда болатын киелі жол сілтеуші) атауын беріп, мемлекет құрғандығын айта кетуге болады. Сондықтан қазіргі таңда диктаторлық яки авторитарлық мемлекеттердің көсемдерінің бойына «құдайдың рухы» дарыған деп халықтың илануы осы харизматикалық жүйенің түсіндірмесіне жақын келеді.

5. Батыс философтары Николла Макиавелли, Мартин Лютер ұстанған пікір «Лайцизм» (мемлекет пен діннің бір-бірінің ісіне араласпауы) жүйесі бойынша дін саясаттан бөлініп, мемлекет дін істеріне орынсыз араласпауы тиіс. Алайда, дін мемлекет қауыпсіздігіне зиян келтірген жағдайда мемлекет дін ісіне араласу құқы бар. Аталмыш ұстанымға қарсы орта ғасырда еуропа елді мекендерінде дін өкілдері мен ғылым қайраткерлерінің арасындағы түсініспеушілік туындап, ішкі тартыс ұзақ уақытқа дейін

созылғандығы тарих беттеріндегі «дін мемлекет ісіне араласпасын деген пікірді жақтаушыларды дін өкілдері билеушілер арқылы отқа (инквизиция) тасталғандығы» белгілі [4, 436]. Дегенмен, 1776 жылы «Адам құқығы» декларациясы АҚШ-да қабылданса, 1789 жылы Францияда қабылданып, сословиелік жүйе жойылды, сонымен қатар дін мемлекет ісіне, мемлекет дін ісіне араласпайтын жаңа мемлекеттік құрылым өз қызметін бастады. Мемлекеттік құрылымдық жүйені 1831 ж. Бельгия, 1911 ж. Португалия, 1918 ж. Германия, ислам елдерінің ішінде алғаш 1924 ж. Түркия қабылдаған болатын.

Діндерге тең құқық беретін зайырлы мемлекеттерге АҚШ, Франция, Германия, Бельгия, орта Азия (Қазақстан) мемлекеттерін, сондай-ақ, посткеңестік мемлекеттердің бір шамасын жатқызуға болады. Алайда, зайырлы мемлекет құрудың мемлекеттік құрылымдық жүйесі елдің болашағы үшін аса қауіпті болмақ. Себебі діндерге тең құқық беру демократиялық бағыты болғанымен, діни сенімі мен ұстанымы бір-біріне қарсы келетін ағымдардың бір мемлекетте бір мезілде қатар өмір сүруі, қоғамдық бір жақты тәртіпті жоғалтып, нәтижесінде мемлекеттің ыдрауына әкелуі әбден мүмкін.

Айталық, елімізде қайта өрлеу кезеңінде дәстүрлі және дәстүрлі емес бағыттардың орын тепкені рас. Сол себептен қазіргі таңда тәуелсіз еліміз Қазақстанның топырағында тамырын терең жайған дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің тарихы мен олардың таралу ерекшеліктерін талдауды қажет етуде. Себебі Ресей империясының отаршылдық саясаты, кейін кеңестік тоталитарлық тәртіп қазақ қоғамындағы діннің мәні мен маңызын объективті тұрғыдан жан-жақты талдап зерттеуге мүмкіндік бермеген еді. Сондықтан Қазақстандағы діни жағдайды назардан тыс қалдырмай әлеуметтік

қатынастардың құрамдас бөлшегі ретінде қарастыруды ескеру қажет. Себебі өтпелі кезеңдегі діни өзгерістер мәнін түсінбей жатып, жалпы қоғамдық санадағы өзгерістер мәнін ұғыну оңайға соқпасы анық.

Киелі топырағымыз қазақ жерінде жат діндердің орын тебуі еліміздің қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазақстан көп ұлтты, сондай-ақ көп дінді тәуелсіз мемлекеттің бірі. Қазақстандықтарды ынтымақ пен ортақ мақсаттар төңірегінде ұйытатын бірден-бір күш плюралистік идеология болғандықтан, қазақ даласындағы барлық діни ұйымдар мен идеология жүйелері адамгершілік принциптерін, жалпы адамзаттық мұраттар мен міндеттерді насихаттаулары қажет екендігі ескерілуіне қалмау керек. Онсыз қоғамдық өмірде татулыққа, ымыраға келу әсте мүмкін емес. Алайда әртүрлі діндер мен ұлттардың сан қилы да қайшылықты мүдделерін жалпы адамзаттық мақсаттар біріктіре алатынын есте тұтқанымыз жөн.

Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы да сара саясаты – тұрақтылық, өзара келісім, толеранттылық доктринасына сүйене отырып, Елбасының «Тәуелсіздік белестері» кітабында көрсетілген: «Діннің тұтастығы – қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан белгілі... Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі – данышпан бабамыз Ахмет Йассауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырады. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүр мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз» деген ойларымен түйін жасасақ артық болмас.

Әдебиеттер

- 1 Діни сенім бостандығы немесе діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Қазақстан, 1993.
- 2 Байтенова Н.Ж. О роли межконфессионального диалога и согласия в послании Президента Казахстана // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – Алматы, 2007.
- 3 Мыңжасарқызы Д. Діни азғындарға тосқауыл болады ма? // Ислам және Өркениет. – 2008.
- 4 Шкутина Л.А. Проблема межконфессиональной толерантности в системе образования. – Alma mater. – 2012. – №1.

5 Ali Valigholizadeh. Implications of Kazakhstan's OIC Presidency <http://www.iranreview.org/content/Documents.htm>

6 Speech by H.E. Mr. Yerzhan Kazykhanov, Minister of Foreign Affairs of Kazakhstan, Chairman of 38th OIC CFM, at the OIC Foreign Ministers Meeting 13th August 2012, Jeddah.

7 Казинформ. В рамках работы СМИД ОИС министр иностранных дел РК провел ряд двусторонних встреч. 16 Ноября 2012. <http://inform.kz/rus/article/2510682>

8 Казыханов Е. Председательством в ОИС мы возродили и вывели на новый уровень свои утраченные культурно-политические связи с исламским миром. <http://www.zakon.kz/4508158-predsdatelstvom-v-ois-my-vozrodili-i.html>

9 Шкутина Л.А. Проблема межконфессиональной толерантности в системе образования. – Alma mater. – 2012. – №1.

10 Костюк В.Н. Изменяющиеся системы. – М., 1993.

References

1 Dini senim bostandygy nemese dini birlestikter turaly Kazakhstan Respublikasynyn Zany.– Алматы: Kazakhstan,1993.

2 Baitenova .Zh. O roli mezkhkфессионального dialoga i soglasyia v poslanii Prezidenta Kazakhstana // Vestnik KazNU. Seria Philosophy. Seria Kulturologia, seria Politologia. –Almaty, 2007.

3 Mynzhasarkyzy D. Dini azgyndarga toskayl bolady ma? // Islam jane Orkeniet. – 2008.

4 Shkutina L.A. Problema mejkфессионаlnii tolerantnosti v sisteme obrazovania.– Alma mater. – 2012. – №1.

5 Ali Valigholizadeh. Implications of Kazakhstan's OIC Presidency <http://www.iranreview.org/content/Documents.htm>

6 Speech by H.E. Mr. Yerzhan Kazykhanov, Minister of Foreign Affairs of Kazakhstan, Chairman of 38th OIC CFM, at the OIC Foreign Ministers Meeting 13th August 2012, Jeddah.

7 Kazinform. V ramkakh raboti SMID OIC ministr inostrannix del RK provel riad dbstoronnix vstrech. 16 November 2012. <http://inform.kz/rus/article/2510682>

8 Kazykanov E. Predsedatelstvom v OIC mi vozrodili i viveli na novii uroven svoi o utrachennie kultuno-politicheskie sviazi s islamskim mirom. <http://www.zakon.kz/4508158-predsdatelstvom-v-ois-my-vozrodili-i.html>

9 Shtina L.A. Problema mejkфессионаlnoi tolerantnosti v sisteme obrozovania. – Alma mater. – 2012. – №1.

10 Kostuk V.N. Izmeniaushiesia sistemi. – М., 1993.